

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№13 (082) ЖҰМА

12 сәуір 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА -125 ЖЫЛ



ҚАРАҢДАР ӘНЕ, ИМАНТАЙҰЛЫ ҚАНЫШҚА!

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

Тотығып Қаныш аңызғағына даланың,
Тұлғасын сақтап далалық дарқан дананың,
Әнеки, ол тұр, гранит сауыт киінген
Кең алаңында жаңадан туған қаланың.

Әнеки, ол тұр, гранит сауыт киінген,
Аздап шалдыққан, қабағы да аздап түйілген.
Сонда да оны мызғыта алмайды орнынан
Ең күшті дауыл ауыр тастарды үйірген.

Кеңгірден бұрын ағатын еді су ғана,
Ағады бүгін сап-сары металл шулаған.
Ағады бүгін қып-қызыл металл тулаған,
Отты әндер туды – мың жылдар бойы тумаған.

Отты әндер туды – мың жылдар бойы тумаған,
Жырлаймыз бүгін тасқынын металл шулаған.
Жаңа қалада жаңа адам өсті Қаныштай
Мыс пен темірді қамырдан оңай тураған.

Кәнеки, достар, шырқайықшы бір отты әнді,
Қояйық былай ән менен сөзді жаттанды.
Жазайықшы бір көкпеңбек мөлдір аспанға
Алтын бояумен Сәтбаев деген аттарды!



«Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев
сынды әлемдік тұлғаның туғаны –
ғажап құбылыс».

Антони ИДЕН,
Ұлыбританияның Премьер-министрі

«Қаныш Сәтбаевтың орасан зор табыстары
мен ғылыми тамаша еңбектері – қазақ
халқының ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының
мақтанышы».

Сергей ВАВИЛОВ,
академик, 1945-1951 жж. КСРО Ғылым
академиясының Президенті

«Сәті түсіп, 1941 жылдың бас кезінде
Қанекенмен алғаш рет Москвада кездестік.
Көп сөйлестік. Оның үлкен маман екені
маған қатты әсер етті. Ол бұл кезде Жезқазған
жағында жүретін. Содан көп кешікпей
Алматыға қоныс аударды. Қазақ ССР Ғылым
академиясын ұйымдастыру жөніндегі Үкімет
комиссиясы Төрағасының орынбасарларының
бірі болып тағайындалды. Мен оны бірден-ақ
Ғылым академиясының болашақ президенті
деп білдім».

Нұртас ОҢДАСЫНОВ,
1938-1951 жж. Қазақ КСР Министрлер
Кеңесінің Төрағасы

► АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА -125 ЖЫЛ

«ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ – ҚАНЫШ СӘТБАЕВ»

Жезқазған қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен қаланың 70 жылдығын мерекелеу аясында Қ.Сәтбаев атындағы тарихи -өндірістік музейде осындай тақырыппен ұлы ғалымның туғанына 125 жыл толуына арналған конференция болып өтті. Конференцияның ашылуында Жезқазған қаласы мәслихатының төрағасы Р.Қапарова, Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Б.Жайлаубаев құттықтау сөз сөйледі.



Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде көп жылдар еңбек еткен ардагер журналист, газеттің бас редакторының бірінші орынбасары болған, Қазақстанның Құрметті журналисі, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, Қарағанды облысы ардагерлер кеңесінің жауаптысы Аман Жағдаұлы Жанғожин өзінің ғалымның өміржолына қатысты зерттеулерін, ой -тұжырымдарын ортаға салды. Ол Қаныш Имантайұлының баспасөзге де айрықша назар аудара білгенін, журналистердің жазған мақалаларына мән беріп, бағасын бергеніне нақты мысалдар келтірді. А.Жанғожин Қ.Сәтбаевтың соңында он ірі айшықты ісі қалғанын санамалап айтып берді. Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Тарихи - мәдени мұраны сақтау

орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы, тарихшы-бакалавр, жазушы-өлкетанушы Мұхтар Бақытұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мәдениетке, өнерге, археология салаларының дамуына да орасан зор ықпалын тигізгеніне тоқталды.

Ардагер журналист Амандық Рахұлы, облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Дайрабайұлы, қоғам белсендісі Мархат Хамит және т.б. өз сөздерінде ғалымның еңбектерін оқып -зерделеудің ешқашан кештік етпейтіні, оның ғибратты өмір жолы бүгінгі, ертеңгі ұрпаққа үлгі болып қала беретіні туралы айтты.

Жезқазған қаламының әкімі Қ.Шайжанов конференцияны қорытындылады, қонақтарға тиісті сый сипат жасады.

«АҚЖОЛДЫҚТАР» АБАТТАНДЫРАДЫ

Ұлы ғалымның мүсіні орнатылған аллеяны абаттандыруды «Ақ жол» партиясының Сәтбаев қаласындағы үйлестірушісі Ахан Жайлаубаев бастаған ақжолдықтар өз қолдарына алды.

2018 жылы қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының алдындағы алаңқайға орнатылған мүсін күтімсіздікке ұшыраққырап тұрғаны рас еді. Ақжолдықтар қазір академиктің аллеясындағы орындықтарды сырлап, жерді қопсытып, гүл егуге әзірлеп қойды. Ғалымның тастұғырдағы бейнесі жуылып, тазаланды. Мүсіндегі көмескілене бастаған «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899-1964 ж.ж.» деген жазуын да жаңартып ілді. Зейнеткер Зиядин Сүлейменов өз қаржысына жас көшеттер сатып әкеліп, отырғызды.

«Жезқазғанның жер байлығын тауып, соны ел игілігіне айналдырған Қаныш атамызға қандай құрмет

көрсетсек те артығы болмайды. Енді аллеяның айналасына қоршау жүргіземіз. Жаз бойы суару, күтім жасауды да өз мойнымызға аламыз. Осы істе белсенділік танытқан Өмірхан Құдаспаев, Ержан Елебаев, Ерік Жаңбыршинов, Мархат Хамитов, Махан Рахымбердиев, Досжан Қапанов тәрізді азаматтардың есімдерін айрықша атап өткім келеді», дейді партия мүшесі, Ұлытау облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Дайрабайұлы.

Ақжолдықтар әлеужелі арқылы ғалымның барлық жердегі ескерткіштерін күтімге алу туралы челлендж жариялады. Несі бар, тамаша бастама?!

Ұлытау облыстық және Жезқазған қалалық Ардагерлер Кеңестерінің ұйымдастыруымен бір топ еңбек ардагерлері қара шаңырақ Қарсақбайға, шежіре тұнған Жездіге сапарлап келді. Ұлы ғалымның мерейтойы қарсаңында Қан -Аға жүрген жолдармен жүріп өтіп, жергілікті жұртшылықпен жүздесіп, тарихпен тілдесуді мақсат тұтқан сапар нәтижелі болды.



ҚАН-АҒА ЖҮРГЕН ЖОЛДАРМЕН...

Еңбек ардагерлері Қарсақбайдағы «Қаныш Сәтбаев» музейінде, Жездідегі М.Төрегелдин атындағы Тау -кен және балқыту ісі музейінде болды. Жезді музейінің алаңқайында тұрып Баянауылдағы Қ.Сәтбаев музейінің ұжымымен тікелей бейнебайланысқа шыққан ардагерлер екі өлкеге ортақ перзент Қаныш Имантайұлы күллі қазақтың мақтанышы екенін атап өтті.

- Қарсақбайдағы музей бұрын

Қаныш ағаның өзі тұрған үйі болған ғой. Үйдің бір жағы Қанекеннің жұмыс кеңсесі болған. Осының өзін сезіну біздің ардагерлерімізді керемет әсерге бөледі - дейді облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов.

Қан -Аға жүрген жолдарда қаншама трих тұнып жатыр десеңізші! Бұл жолдармен ардагерлер ғана емес жастарымыз да жиі -жиі жүріп өтетін болса, нұр үстіне нұр болар еді.

ҒАЛЫМҒА АРНАЛҒАН БАЙҚАУЛАР

Сәтбаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына байланысты жастар арасында бірнеше байқаулар өткізді.



«Қаныш аға – адамзат ғұламасы» атты аймақтық ақындар мүшәйрасына 14 ақынның өлеңдері келіп түсті. Мүшәйра талабы бойынша ақынның бір өлеңі міндетті түрде Қаныш Сәтбаевқа арналуы керек еді. Бұл жыр додасында бас бәйгені ақын Абай Ораз иеленді, оған 150 мың теңгелік сертификат берілді.

Ал, «Жас қаламгер» байқауы қоғамның өзекті тақырыптарын арқау еткен шағын әңгімелер жазатын дарынды жастардың талабын ұштау мақсатын көздеді. Бұл байқауда Әсем Мұхамеджанның «Құрбан» деп аталатын әңгімесі бас жүлдеге

лайық деп танылды. Әсем Әлиқызы - Қ.Сәтбаев атындағы №9 мектептің жас мұғалімі.

«Дархан даланың дара тұлғасы» атты көркемөз оқу шеберлерінің аймақтық сайысына қатысушылар прозалық шығармалардан үзінділер оқыды. Мәтінді жанымен түсініп, мәнеріне келтіріп тұрып оқып көпшілікке жеткізе білген Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаттың 10-сынып оқушысы Балнұр Князғалидан ешкім асып түсе алмады. Байқауға қатысушылардың біріне Respublica партиясының атынан арнайы жүлдесі тапсырылды.

► КӨЗКӨРГЕНДЕР ЕСТЕЛІГІ

Үш кездесу



Адам өмірінде есте қалар, ұмытылмас кезеңдер көп қой. Аса көрнекті қазақ геологі, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері Қаныш ағамен үш рет кездесуімді өмірімнің ұмытылмас сәттері деп білемін.



Шабал БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ, Қазақстан білім беру ісінің үздігі, ҚР еңбек сіңірген қызметкері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы

1950 жылдың жаз айы болатын. Менің он үш жасар кезім еді. 7-сыныпта оқитынмын. «Біздің ауылға Қаныш Сәтбаев келе жатыр» деген хабарды естігенде елдің үлкен-кішісі бірдей қуандық. Өйткені ол кісінің даңқы жер жарып тұрған, бірақ өзін көрген емес едік. Біз жаз шыға ауылдың шаруасына көмектесетінбз, сол күні де кесек құйып жатқанбыз. «Қаныш аға келе жатыр» деген соң басшылар бізді үйімізге: «Жуынып-шайынып келіңдер», – деп босатып жіберді. Ағаны ауылдың маңындағы әдемі бір алаңқайда киіз үйде қарсы алатын болдық. Табиғаттың кереметтігіне дауа бар ма, әлгі алаңқайдың өзі де киіз үй тәріздес дөңгелек, көкорай, көкмайсасы қаулап, құлпырып тұрған, гүлге көміліп жатқан шағы еді. Сол күнгі көрініс те көз алдымнан кетпейді. Ауыл комсомолдарының жетекшісі Сұлтания Махатов бастаған үлкен-кішінің бірі жерошақ қазып, бірі қазан асып, бірі бауырсақ, құймақ пісіріп дегендей, асқан ұйымшылдықпен дайындалып жатты. Елдің, ауылдың береке-бірлігі туралы әңгіме қозғала қалса, сол бір көріністер есіме оралады.

Қаныш аға ауылдың ақсақалдарынан бастап кішкентай балаларымен де қол беріп амандасып, сағына қауышты. Сол сәтте мен «Қандай қарапайым, кішіпейіл жан еді!» деп ойландым. 4-5 жасар балалардың да беттерінен сүйіп, кәрі-жас деп ешкімді алалаған жоқ. Кісілігінен кішілігі айқын байқалып тұрған жылы жүзінен оның жан дүниесінің кеңдігін аңғардым. Жып-жылы алақанынан жан жылуы мен мейірімділіктің лебі ескендей.

Сонда ағаның халқымен қауышып тұрып: «Мен бүгін Сарыарқаның кіндігіне, Отанымәкелдім», – деген толғаныстан туған сөзі есімде қалды. Қаныш ағамен кездесуге ауылдың тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Шеңберленген жер бейнебір дала сахнасына ұқсап кетті. Қаныш аға кештетіп келген еді, мотор арқылы жанған электр жарығы айналаны жарқыратып тастады. Бұйра шашты, ақсары жүзді, кереқарыс маңдайы жарқырап, аялы жүзінен мейірім шуағы төгілген асыл ағамыз ауыл ақсақалдарымен тұщымды әңгіме-дүкен құрып отырды. Тоқсейіт деген директор ағамыз жас мұғалімдер мен балаларды ұйымдастырып, шағын концерт қойып берді. Ауыл адамдарының бірі: «Енді Шабалдың өнін тыңдайық», – деген сәтте, алғашында қобалжысам да, жүрегімді тоқтатып, «Баянауыл» өнін бастадым. Одан кейін ғалым ағаның өтінішімен «Көкшетау», «Майра», «Домбыра», «Гәкку» әндерін орындадым. Өнім ұнаған болу керек, ә дегеннен-ақ Қаныш аға: «Жарайсың, қызым! Талабың таудай екен, әнің тамаша», – деп қошемет көрсетіп, ақ тілегін айтты. Таң атқанша өн шырқалып, әңгіме-сұхбат құрылды. Қаныш ағаның әсерлі әңгімесі ешкімді жалықтырар емес. «Көптен ішім түйіліп жүр еді, шерімді тарқатып, мауқымды бастым-ау» деген сөзі де жадымда. Өз кезегінде ғалым ағамыз домбыра тартып, әуелетіп өн шырқайды. Ауыл ақсақалы Ермекбай Махатовпен Қаныш аға бұрын сыйласып жүрсе керек. Оны жан жолдасы ретінде бағалайды екен. Түнде отырғандардан ол кісі жайлы сұрастырып, қайтыс болғанын естігенді. Таңертең ауылдың ақсақалдарын ертіп алып, сол кісінің бейітінің басына барып, Құран оқып, қол жайып қайтты. Біз таңғалдық. Өйткені ол кезде мұндай көзі ашық оқыған азаматтар бейітке Құран оқымақ түгілі, діни нанымдарға теріс көзқараспен қарайтын. Халық Қаныш ағаның мұнысын көріп, риза болып қалды. Кезінде Ермекбай ақсақалға ғалым аға алтын жалатқан шақшасын сыйлаған екен. Сол күні ағамыз ауыл-аймақты аралап, серуен жасады. Әкем Бейсенбек Тастайұлы ауылдың дүкенінде жұмыс істейтін. Қолым боста мен әкеме сауда жасауға қолғабыс тигізетінмін. Ол кісі әкемнің шағын дүкенін аралап көріп: «Ә, кешегі өнші қызым, әкеңе көмектесіп тұрсың ба? Ақшаның қадір-қасиетін білу үшін саудаға араласқаның да құптарлық іс», – деп ризашылық білдірді.

Ауыл тұрғындары Қаныш ағаны сый-сияпатпен қошеметтеп, қимай шығарып салды...

1954 жылы Алматыға оқуға барғанымда Қаныш ағамен екінші рет кездесудің сәті түсті. Арман арқалап барғанда жолымыз болып, құрбым Нағи Берденова екеуіміз ҚазПИ-ге оқуға түстік. Маған жатақханадан орын тиіп, ал Нағиға орын болмай қалды. Амал жоқ, құрбым екеуіміз бір кереуетте 3 ай бірге жаттық. Ол мұндай қиындыққа шыдай алмай оқуды тастап, ауылға қайтқысы келді. Осындай қиналып жүрген кезімізде ойыма Қаныш аға түсе кетті. «Неге барып жағдайымызды айтпасқа?» деген шешіммен, нар тәуекел деп, Ғылым академиясына Қаныш ағаны іздеп бардым. Кіреберістегі хатшыға келген шаруамды айтып, кіруге рұқсат алдым. Кабинеттің есігін қағып, кіріп бардым. Әке-шешемнің мандайдағы ұлы да, қызы да өзім болып, бетімнен ешкім қақпай, өжет, батыл болғанымның пайдасын көп жерде көрдім. Стол үстіндегі алуан түрлі тастарды қарап, ойланып отырған ғалым аға мені көріп күлімсірей амандасты.

– Сен Ұлытаудың қызы емессің бе? – деді ол кісі мені көре салысымен. Қалай ұмытпағанына таңғалдым. Бірақ ішімнен қуанып кеттім.

– Иә, Сіздің жаныңызда отырып таң атқанша өн салған дүкенші Бейсенбектің қызымын ғой, – дедім дереу.

– Қалқам, кел отыр, – деді ғалым аға. Сосын ауыл-елдің амандығын білген соң, қандай шаруамен келгенімді сұрады. Мен де көңілім орнына түскендей, келген шаруамды, жатақхана мәселесінің құрбы қызымды қинап тұрғанын айттым. Мәселенің анық-қанығын біліп алған Қаныш аға институтымыздың ректоры Мәлік Ғабдуллинге телефон шалды.

– Мәке, үйіші аман ба? Маған Ұлытаудан төркіндерім келіп қалыпты. Шабал деген өнші қызымыздың құрбысына жатақхана, соған сенің қамқорлығың керек екен. Шабал қызымызды көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстырып, талантын ұштауға да көмек бер, – деді. Телефонмен сөйлесіп болған соң Нағи екеуімізге әкелік, ағалық ақыл-кеңес берді.

– Қарақтарымы, сендер ауылдан білім іздеп келдіңдер. Алды-арттарыңа қарап, абайлап жүріңдер. Алданып қалмаңдар. Алматыда сұлу жігіттер көп, – деп сәл күлімсіреді де: – Олар ауылдан келген қыздарды алдап, қолға түсіргілері келеді. Ондайлардан бойларыңды аулақ ұстаңдар. Терең білім алыңдар, ата-аналарыңның аттарына кір келтірмеңдер. Ұлытаудың

қыздарысыңдар, ұлылық қасиетті биік ұстандар! – деді. Нағи екеуіміз жұбымызды жазбай институтқа барып, ректор Мәлік Ғабдуллинге жолықтық. Алдында ғана Қаныш ағадан біздің баратынымызды біліп отырған ректор жылы шыраймен қарсы алды. Ол кісі ақжарқын, ойыншыл кісі еді.

– Ал, Шабал қайсысың боласың? Маған өн айтып бер. Жатақхана мәселесін сосын шешерміз, – деді. Мен ректордың алдында «Қарқаралы», «Көкшетау» әндерін орындадым. Ол кісі тыңдап болып:– Дауысың жақсы екен, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыс, – деп ұсыныс айтты. Сонымен, Мәлік аға комендантқа айтып, Нағиға жеке жататын орын алып берді.

Қаныш ағамен үшінші рет 2-курста оқып жүргенде кездестім. Жатақхананың артындағы көгалға жайғасып, Нағи екеуіміз емтиханға дайындалып отыр едік. Таңғы сегіздің кезі болатын. «Сәлем, қыздарым!» – деген дауысқа селт етіп қарап қалсақ, Қаныш ағамыз қолын шекесіне қойып, бізге жымыып қарап тұр.

– Мақұл, дұрыс көрініс. Талаптанғандарыңа ризамын. Терең оқу керек, – деді ол кісі. Сөйтсек, ол кісі күйеу баласының үйіне кетіп бара жатып, бізді көріп, арнайы бұрылған екен.

1961 жылы Жезқазған поселкесінде Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының көшпелі сессиясы өтті. Сол сессияда Қаныш Сәтбаев Жезқазған аймағының өндіріс күштерінің даму мәселесі жөнінде баяндама жасады. Мен ол кездері институтты бітіріп, №7 орта мектепке мұғалім болып келген едім. Сол тұста «Жезқазған жұмысшысы» газетіне «Озық ойлы ағаға» деген өлеңім шықты. Қаныш аға телестудияда отырып, газетке шыққан өлеңге көзі түсіп, операторға: «Менің Шабал деген қызым маған арнап өлең шығарған екен. Соны қиып беріңдерші», – депті. Кейін оператор маған телефон шалып: «Қаныш аға сенің өлеңіңе риза болды. Мен газеттен қиып бердім», – деді. Озық ойлы ағамызға арналған өлеңімнің газетке жарық көргеніне қуандым. Қалай болғанда да, ол кісінің маған деген әкелік, ағалық қамқорлығына борыштармын. Жақсылық, қайырымдылық қасиеттері мәңгі жадымда.

► АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

ҚАНЫШ АҒА – АДАМЗАТ ҒҰЛАМАСЫ



Абай ОРАЗ

БИІКТІК

Черчилль қалжыңдап - Барлық қазақтар сіз сияқты алып па? - дегенде Қаныш : - О, жоқ, Черчилль мырза, мен ең кішісімін. Халқым менен де биік! - дегшен ғой жарықтық.

Топ дегелек, топ үйрек, топ ала құс,
Тобық қаққан өзенді жағалап ұш.
Торықпаған, көңілі қалықтаған
Тау басынан қарайды бала Қаныш.

Баянауыл басында – балқарағай,
Балқарағай төгеді таңнан арай.
Биік таудың басы еді – балалығы,
Бал күні өткен тас тізіп, қой қарамай.

Жасыбайдың – жалқы жаз жағасында,
Жаяу Мұса, Жүсіпбек – бәрі осында.
Жүсіп Мәшһүр атанып,
Сұлтанмахмұт Жүрді Қаныш биіктер арасында.

Ауыздықпен алысып мәре күткен
Аттай жүйрік жылдар-ай,
жан егілген.
Ақылды еді задында Затаевич,
Араласқан Қаныштар, Әуезовпен.

Көмейімде бүлкілдеп – халық әні,
Көнермеген көшпенді Өнұраны.
Көп ішінде Қанышпен биіктеді,
Көк жүзінде жұлдыздай жамырады.

Ойдан шыққан оймақтай
сөзің – тылсым,
Осы ойдан соң, ойлы адам,
сезін, күрсін.
Орталықта – қаланың қақ ортасы,
Оттай көзге басылып өзің тұрсың.

Мырза Черчилль, сөзімді ұқ, халық биік,
Марқаясың, маздайсың жанып-күйіп.
Мінбер биік қылмайды миллионерді,
Мына өмірден кеткен соң табыт киіп.



Абзал МАҚАШ

КӨҢІЛ КЕНІ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың рухына
Мыс па екен, алтын ба екен, қола ма екен...

Халық әнінен

Сазының салтанатты сәулеті үстем,
Нәзік үн дірілдеген дән бе піскен?
«Мыс па екен, алтын ба екен,
қола ма екен...» –
Қаныштың ғұмырындай әнге түскен.

Көрінер көзге бәрі кіл жылтырақ
Жақұтты жазбай таныр кім
жұлқылап?
Түсіріп қолдарына пәлсапа тас
Өмірде тапқан кім бар
мың жыл тұрақ.

Айырдық ақиқаттан жалғанды қай,
Санадық сайтанатты сәруар құдай.
Жарығы жалт-жұлт еткен дүниені
Алтын деп алданған бір
аңғалдық-ай!

Дәриға!
Арман деген көп-ақ екен,
Көңілге сонда бір мұң қонады екен.
Ал менің жүрегім ше кеудемдегі,
Мыс па екен, алтын ба екен,
қола ма екен?..



Мұқағали СЕЙТҚАЗЫ

ҚАНЫШТЫ – ҒАРЫШ ДЕСЕ ЖАРАСАДЫ!..

«Әлемді таңқалдырған «Алтын адамды» тапқан Кемел Ақышұлы - біз тәрбиелеген түлек, Қаныш Имантайұлының туған жиені...

М.Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» кітабынан.

I

Тіршілік жалғасады тірі адамға,
Іздеген табыла ма сұрағанға?..
...Көл бетін түгел жапқан
Шорман бидің*,
Жылқысы суға келіп құлағанда!

Бебеу күндер қаратпай ертеңіне,
Шемен күндер шер-мұңды
шертеді ме?
32* кіргелі бұл далаға,
Ол замандар айналған ертегіге.

Кер заманға тап келіп көлденеңнен,
(Кәрі тарих солай дейд
сенбегенмен.)
Суға құлар жылқы жоқ шөлдегеннен,
Адам құлап келеді өлмегеннен.

Үзілген шақ - сан арман, үміт алуан,
Ұлт нәубетін ұрпақтар ұмыта алман.
Тұтас ауыл аштықтан қырылар ед,
Ұлы Қаныш жетпесе Ұлытаудан!..

II

Қайран Қаныш,
Көрдің-ау мұны-дағы,
Бес күн жалған осылай құбылады.

Туғандары – өлгендер санатында,
Өлгендері таппаған құбыланы.

Жан адамды білмейтін алалауды,
Ғазиз жүрек қайғымен дара қалды.
Үлкендер алыс жолға жарамайды,
Құтқармаққа бел буды балаларды.

...Мынау үй – отауы еді жездесінің
Жездесімен жазбапты кездесуін.
Екі бала – екі дүние ортасында,
Соңғы демі таусылған өзгесінің.

Қарамастан күн ұяға батарына,
Асығыстау қамданып сапарына.
Әпкемнің көзі ғой деп қос құлынды,
Қосты Қаныш жолаушылар
қатарына.

Қос құлынның біреуі – Кемел* еді,
«Жаны бір ғой жандардың
кемедегі».
Кейін ол да атанды елдің ұлы,
Тектіліктің тамыры терең еді!..

III

Жолаушылар бетке алды
Қарсақбайды,
Қарсақбайға барсаңыз жан
сақтайды.
Өндірісте – өмір бар, ең бастысы:
Аштық пенен ажалдан алшақтайды.

Уақыт шіркін, өзендей сарқыраған,
Ақиқатты аңыздан сарқып алам.
Қаныш егер таппаса Кемел ұлды,
Кемел қалай табады
«Алтын адам»?,
«Алтын адам» - Сақ бабамдай
жарқыраған!

Таласым жоқ тұлға ғой аса биік,
Төңір оған бергендей атақ үйіп.
Қанышты – ғарыш десе жарасады,
«Аш баладан» - шығарған
АКАДЕМИК!

Шорман би - Заманында Баян ауыл даласында ел басқарған атақты тұлға.*

32 - 1932 жыл. Қазақстандағы ашаршылық жылдары.*

Кемел - Кемел Ақышұлы, қазақ археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Тарих ғылымдарының докторы, академик.*





Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЗАҚТЫҢ БИІГІ

Аяпты кімді, осынау жалған нені,
Арналса да ұлтына қалған демі.
Қаныш десе ойыма оралады,
Қазақтың ғылымының маңмаңгері.

Өр ұлына құшағын жаяды ауыл,
Өйткені оның өмірі, баяны ауыр.
Қаныш десе ішкенін жерге қояр,
Жезқазған мен Маңғыстау,
Баянауыл.

Үміт етіп ұлы елі, атырабы,
Қабырғасы қазақ боп қақырады.
Елім деген ер болған еңбегі бар,
Қайсар аға ісімен батыр әлі.

Кермек дәмді көп ішіп қаршадайын,
Заман зарын қаужады ол
баршаға уайым.
Қилы тұста қазақпен қатар жүдеп,
Қағаз досқа ақтарды жан сарайын.

Шимақ-шимақ өмірдің жол қиыры,
Түзелер деп жүргенде болды үйінді.
Жеңілі сол – қазақпен Қаныш мәңгі,
Естеліктер өшпейді – сол қиыны.

Қаныш баба арлы ойдың түндігі еді,
Бұл қазақтың өзіңсіз мұңды реңі.
Заңғар ұлы қазақтың Биікте де,
Халқым биік деп жүр ме кім біледі?



Мәди ОЛЖАБАЙ

ТАҒЫМ

Уа, Ғаныш!
Демесек те дәл өзіңдей жоқ арыс,
Биік шыңға болмағанмен жол алыс.
Ұлтын биік көру тіпті өзінен,
Ұлылықтан жоғары іс.

Сен биіксің ұлтыңа...
Көңіліме көркем үнмен іркіп ән,
Ғазалыммен ғалам кезіп бұлқынам.
Санадасың ақындарың бар шақта,
Жүрегінен саулап аққан жыр тұма!

Тектіліктің алшаң басып төрінде,
Хаты- дара, аты- дара, мәлім де,
Кішік емен, ұлық бола алғанмен,
Жандар аз ба өмірде?!

Ұлан- ғайыр өлкемде,
Болашаққа жел беретін желкенге.
Арқауы - сен байлығымның бүгінгі,
Ертең де!

Өуезді үнмен ән құрап,
Ақ қағазға қаламымнан тамды хат.
Ұлы елде ұлықтар көп, ал Қаныш,
Бар әлемде жалғыз- ақ!

Әлі ұзын
Жүріп өткен сенің сара бар ізің.
Маңдайына біткен бағы қазақтың,
Қанышқа мың тағзым!



Медет ҚАРАХМЕТОВ

**ТАУ ТҰЛҒАСЫ
ЕСКЕРТКІШ
БОЛАШАҚҚА!**

Сарыарқа байтақ өлкем,
күн ойнаған,
Кен-байлықтың арқасы,
жыр айналаң.
Сарыарқадай жазықта мыс
боларын,
Егер Қаныш болмаса, кім ойлаған?!

Қаныш жайлы болса егер
арнайы үнім,
Қанышпен бұл Қала бір
балдай ұғым.
Теріскейде туған ұл дегенменен,
Терін төккен жер осы маңдайының.

Кен қазып, майланғанда
шекең бүгін,
Қаныштың ұмытпаңдар көп ерлігін.
Көрсетті ол жер үстінде жүргендерге
Жер астында өмір бар екендігін.

Қаныштың бастауымен күш құрала,
Жанына жинады елді мысты дала.
Сәтбаевтың атымен аталған жер,
Бүгінде асты қала, үсті қала.

Ел үшін деп жасаған жақсылықты,
Қазағым Қаныштайын болшы
мықты.
Қажымай еңбектеніп тапқан кені,
Қазаққа бере салды молшылықты.

Ұлытау аймағының өлшеп тұсын,
Ұлылығын бөріне көрсетті шын.
Кен-байлықтан басқа да,
зерттей білген,
Кең даланың бар мұра, ескерткішін.

Ғалым деп, тарихшы деп
қарасақ та,
Орасан істері бар әр ошақта.
Еңбектері мәңгілік мұра бізге,
Тау тұлғасы Ескерткіш болашаққа!



Жоламан МАҒЗҰМ

**КЕШІРШІ,
ҚАНЫШ БАБАМ!**

Басынан ел екенбіз бағы ұшпаған,
Қазынасын игеріп қарыштаған.
Енді сол қазынамды тауып берген,
Ол менің Қаныш Бабам.

Атақ қуып шен қуып жарыспаған,
Сатқындыққа барудан, ары ұстаған.
Ұстаған кенді құпия Империядан
Ол менің Қаныш Бабам.

Ол кезде орыс басшы, орыс қоғам
Болса да Хрущевқа болыспаған.
Игілігін ойлаған ұрпағының,
Ол менің Қаныш Бабам.

Алғашқы академик Арыс Бабам,
Жез даладай берген -ау
қонысқа мән.
Сабырлы елдің көрсеткен
сары алтынын,
Ол менің Қаныш Бабам.

Ел түгіл шетелге де таныс бағаң,
Болса да сараңдыққа барыспаған.
«Халықым менен биік» дей алатын,
Ол менің Қаныш Бабам.

Ұстанымды ұстамай Ол ұстаған
Ұлтқа қызмет жасаудан алыстаған.
Ұрпағың өз құлқынын ойлап кетті,
Кешірші, Қаныш Бабам.



Ардақ ТОЙЛЫБАЕВА

**ТӨККЕН ТЕРІҢ
БАҒАЛЫ...**

Құбылаға нық қаратып сырмағын,
Перзент пе едің бабам
жылай сұраған.
Жұмыр жердің жазбай
таныр жұмбағын,
Батыр дейді халық сені біл, аға!


Шырақ болдың шуағыңды таратып,
Өлшемі жоқ еңбегіңмен дарасың.
Қаныш дейтін жұлдыздың да
бар аты,
Әлем сені мойындайды, қарашы.

Дархан далам талай түсіп тартысқа,
Мың байлықты жастанып ап
жасырды.
Биігіне болмысыңның арды ұстап,
Соны зерттеп ұрпағыңа асырдың.

Ұлтың үшін мыңмен жалғыз
алысқан,
Бола алмайтын баламасы, теңдесі.
Туғанымен қаншамасы Қаныштың,
Ақиқат ау өзіңдей боп кетпесі.
(Кімнің қазір сіңіп жатыр елге ісі?)

Қара Ертістің бетін елге қаратқан...
Алгебраны толық томдап қазақша.
Сан өнерді сыйлап қойған
Жаратқан,
Таң қалмайсың қалай осы ғажапқа?!

Алашыңа бақ пен байлық тіледің,
Жер қыртысын елге құт қып
сақтадың.
Төккен терің бағалы ел біледі,
Қаныш аға, қаһарман ер мақтаным.



Ғасырға жуық уақыттан бері бүкіл қазақ елінің ғылымымен қоса өндірісі ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің игілігін көруде. Ол Кеңес металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, Ұлытау-Жезқазған мыс кен орындарын ашушы. Сондай-ақ, еліміздің барлық саладағы ғылымын дамыту жолында зор еңбек сіңірді. Сәтбаев тек Орталық Қазақстан ғана емес, Батыс өлкенің ұлутасынан мұнайына дейінгі кен байлықтарын да кеңінен зерттегені белгілі. Алтай қойнауы қазба байлықтарының ерекшелігі де алақанында еді. Қазақстан Ғылым Академиясын ұйымдастырып құрды, тұңғыш президенті болды. Осындай кемеңгер ғалым, үлкен жүректі адамның елуінші жылдардың басында орынсыз қудалауға ұшырап, жазықсыз жапа шеккені жанға батады.

ҚАНЕКЕҢ НЕГЕ ҚУДАЛАНДЫ?

НЕМЕСЕ ШӘКІРТІ АЙТҚАН СЫР



Қазақтың асыл азаматы жалынды жастық шағынан бастап, барлық саналы ғұмырын Үлкен Жезқазғанның болашағы мен игілігіне арнады. Қаныш Имантайұлы Том технология институтын бітірген 1926 жылдан 1941 жылға дейін Ұлытау-Қарсақбай қойнауын шарлап, қазыналы өңірдің байлығын ел кәдесіне жарату жолында орасан зор еңбек сіңірді. Бүгінгі алып кеніштер мен зауыттар, дәулетіне сәулеті келіскен Жезқазған-Сәтбаев шаһарлары Қаныш ағаның орындалған асыл арманының жемісі. Кен байлығын ел игілігіне айналдыру үшін бірлесіп еңбек ететін көптеген жас мамандарды шақырып, қатарға тартумен жалықпай айналысты. Иосиф Богданчиков, Саид Сейфуллин, Аркадий Кузнецов, Таисия Кошкина, Үгедей(Сергей) Бөкейханов Қанекеннің басшылығымен Жезқазған геология мектебінің негізін салуға мол үлестерін қосты. Бертінде бұл қатарды Василий Штифанов толықтырды. Сәтбаев үлкен ғылымның жолына түсіп, Алматыға аттанғанда мұндағы ісін жалғастыруды білікті геолог Василий Штифановқа сеніммен тапсырған болатын. Ғалымның ізін басқан шәкірті В.И.Штифанов 1941 жылдан бастап геологиялық барлау экспедициясын басқарды. Ол Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген геологы, Сәтбаев және Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы атанып, 2 мыңға жуық адамы бар үлкен экспедицияның геологиялық барлау жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра білді. Осы қызметін 75 жасқа дейін

абыроймен атқарып, 2000 жылы өмірден өтті. Бірнеше ғылыми мақалалар жазған Василий Ивановичтің қала архивінде жеке қоры бар. Осы қордағы біраз істерден Қаныш Сәтбаевтың әр жылдарда Штифановқа жазған хаттарымен танысуға болады.

Қанекеннің Василий Ивановичпен бірге Саид Нагимовичке (Сейфуллин), Иосиф Богданчиковке жазған хаттары да ұшырасады. Хаттарының көбінде кен аймақтарын барлауға байланысты нақты тұжырымдары мен ұсыныстарын үнемі жазып отырған. Сондай-ақ, бұл кісілердің сұраған өтініштеріне байланысты көмек жасалатынын да жеткізеді. Қаныш Имантайұлы Алматыда Ғылым Академиясын басқарып жүрген кезінде, не болмаса, орынсыз қудаланып Мәскеуге кетуге мәжбүр болғанның өзінде туған өлкесіне айналған Жезқазғанның жағдайын бір сәт те естен шығармағаны аңғарылады. Әрбір жазған хатында геолог барлаушылар ұжымына сәлем жолдайды. Өңірдегі кен орындарын барлау ісіне бағыт-бағдар беріп, өз болжамдарын алға тартып отырады.

Енді В.И.Штифановтың архив қорындағы кейбір құжаттардағы жайларға оралайық. Ұлы ғалым туралы шағын естелікті шәкірті 1988 жылы 15 қаңтарда жазып, хаттарымен бірге архив қорына өткізсе керек. Василий Иванович бұл естелігінде былай деп жазыпты: «Қ.И.Сәтбаев 1951 жылы Қазақ КСР ҒА президенттігі қызметінен босатылды. Жаздың соңына қарай ол Жезқазған кентіне келіп, біздің үйге тоқтады. Вокзалда оны мен ғана қарсы алдым. Бір-екі күннен кейін ол геологиялық

барлау партиясының жаңа «Газ-63» машинасымен Жезқазған-Ұлытау аймағының кен бағыттарын аралауға шықты. Қ.И.Сәтбаев ара-тұра Жезқазған руднигіне оралып, дала қойнауында жазғандарын өңдеп, бірер күн демалып қайтадан жолға шығып жүрді. Ол осы сапарында тек біздің аймақты аралаумен шектелген жоқ, Атбасар, Баянауыл, Жаңаарқа өңірлерінде және Қарағанды облысының көптеген аудандарында болды. Менің байқауымша, ол адамдармен бұрынғыша емен-жарқын сөйлесіп жүрді. Кемеңгер геологқа таныс қазақтар, барлау партиясындағы бұрғылаушы орыс мастерлері де бұрынғыша жақсы ілтипаттарын білдірумен болды. Бұл адамдарды ол менің пәтерімде қабылдап жүрді. Ал, көптеген инженер-техник қызметкерлерінің одан сырттанқырап жүргені байқалды.

Күзде Қ.И.Сәтбаев Алматыға қайтты. Оны вокзалда жалғыз өзім шығарып салдым. Еріксіз өткен кезеңдер ойға оралды. Қаныш Имантайұлын танысы бар, таныс емесі бар, топталып шығарып салушы едік. Сол жылғы желтоқсанның 27-28 болуы керек, Қаныш Имантайұлы маған телефон соғып: «Таисия Алексеевна екеумізбен бірге Кисловодскіге демалуға барсаңдар, жоғарыдағыларға жақпай қалам ба деп қорықпайсың ба?» деп сұрады. Мен бірден Зоя Ивановна екеуміз қашан келуіміз керек деп сұрадым. Желтоқсан айы біздің өңірде нағыз аязды қыс болып тұрды. Мен Қаныш Имантайұлы жазда даланы аралаған машинамен 375 шақырым Жосалыға

қарай жолға шықтым. Елсіз даламен әйтеуір аман-есен жеттік. Зоя Ивановна екеуміз Москваға тура 31 желтоқсан күні жеттік Қаныш Имантайұлы пойыздан қарсы алып, «Москва» қонақүйіне орналастырды. 1952 жылдың Жаңа жыл кешін олармен бірге үйлерінде қарсы алдық. Академик Ә.Х.Марғұлан және тағы біреулер бірге болған еді, ұмытып қалыппын... Келесі күні пойызбен Кисловодскіге жүріп кеттік. Бұрын да талай рет тоқтаған А.М.Горький атындағы ғалымдар санаторийінде демалдық. Қаныш Имантайұлын бұл жерде жақсы таниды.

Алғашқы күні сейілдеп жүргенімізде Қаныш Имантайұлы Қазақстан КП Орталық комитеті өзімен қатар жұмысынан босатқан Ілияс Омаровпен кездесуді ұсынды. Ол «Октябрьдің 12 жылдығы» санаторийінде, кіреберіс орыны бар тәуір бөлмеде демалып жатыр екен. Екеуі бастарына тап келген жағдайлар туралы әңгіме өрбітті. Мен терезенің алдында, орындықтарда үйме-жүйме болып тұрған кітап-журналдарды ақтарумен болдым. Философиялық, классикалық көптеген әдебиеттер бар екен. Ілияс Омарұлы сол кезеңде ұйқысыздыққа шалдығып, тәулігіне 2-3 сағат ғана ұйықтап жүргенін айтты. Үнемі кітап оқумен уақытын өткізіп жүрсе керек. Содан әр күн сайын кездесіп сейілдеп жүрдік. Кейбір іштарлықпен көреалмаушылар «Қазақстаннан қуылған екеуі Кисловодскіде бас сауғалап жүр» деп өсек таратқаны да Қаныш Имантайұлы мен Ілияс Омарұлына жетіп жа-

тады екен. Бірде Сәтбаев маған Республикалық партия активінде әділетсіздіктің асқынғаны сонша, қорқынышты жағдай туындағанын, ол сол жерден Сталин жолдасқа жеделхат салуға мәжбүр болғанын айтқаны бар. Сталин Шаяхметовқа: «Сәтбаев жұмысынан алынбасын, партиядан шығарылмасын» деп жауап жолдапты. Бірақ Шаяхметов бұл пәрменді орындамады дейді. Біз Зоя Ивановна екеуміз 1952 жылдың қаңтарының аяғына қарай Жезқазғанға қайтқанымызда Қаныш Имантайұлы санаторийде екінші маусымға қалды. Содан ол Москваға оралып, Шаяхметовтың Жоғарғы Кеңестің сессиясына келуін күтеді. Шаяхметовпен 1952 жылдың 14 наурызында кездескен соң Сәтбаевтың одан әрі Қазақ КСР Геологиялық ғылыми институтының директоры қызметіне тағайындалуы туралы мәселе шешіледі. Медеу Сәрсекеевтің кітабында жазылғандай, ғалымның Москвадан оралуына және жұмысына қатысты шараларға Брежневтің де, Қонаевтың да қатысы болған жоқ», - деп жазыпты В.Штифанов естелігінде. Бұл енді ол кісінің өз пайымы ғой. Негізінде, екеуара жазысқан хаттардың сарынына қарағанда ұстазы мен шәкірті отбасылық жағдайда да жиі аралас болғаны байқалады. Қанекеннің жұбайы Таисия Алексеевна да бұлардың есен-саулығын біліп, хат жазып тұрған. Қаныш ағамыздың хатында да Штифановтың үй-ішін, балаларын аса жылы ілтипатпен сұрастырып отыратынын көруге болады.

► АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

«ІЗДЕНІСТЕН ЖАЛЫҚПАУ КЕРЕК»



Ныгмет ИЛІЯСОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген металлургі,
КСРО Министрлер Кеңесі
сыйлығының лауреаты,
Жезқазған қаласының
Құрметті азаматы

Қаныш ағаның өзінен бұрын, әрине, есіміне қанық болып өстік. Біз ол кісінің көрегендігін: «Қазіргі Жезқазған, Сәтбаев қалалары орналасқан аймаққа келіп, бір қырдың биігінде тұрып, «Кейін осы жерлер қайнаған тіршілік ордасына айналады. Шахталар іске қосылады, жаңадан қалалар бой көтереді» деп айтқанын қасында тұрып естігенде ешқайсымыз сенбейтін едік. Енді, міне, сол өзгерістерді көзіміз көрді» дейтін бізден бұрынғы аға буынның әңгімесі арқылы естіп, білдік. Газет-журналдардан Қаныш Имантайұлының

мақалаларын іздеп жүріп оқитынбыз. Ал көзбе-көз, жақын жерден көргенім 1961 жылы Қазақстан Ғылым академиясының көшпелі сессиясының Жезқазғанда өтуі кезінде болды. Баяндамасын тыңдадық. Сөз деген қандай?! Әрбір сөзі көкейге барып қона қалады, сондай қарапайым түсіндіреді екен. Содан үзіліс кезінде жақынырақ баруға бәріміз де ұмтылдық қой. Қолын алып, сәлем бердік. Мен сонда өзімді ертегілерде, батырлар жырларында сипатталатын алып адамдардың бірінің алдында тұрғандай сезіндім. Саусақтары қандай салалы еді! Сом тұлғасы қандай! Сондай нән кісінің ақыл-ойы – дария, парасат-пайымы биік екенін білгенде, оған деген құрмет пен сүйіспеншілік одан сайын арта түседі екен. Қанекенмен кейінірек екінші рет кездесудің тағы бір сәті түсті. Бұл жолғы кездесу өндірістік мәселеге қатысты болды.

Мыс қорыту зауытында бас металлург болып істейтін едім. Жаңылмасам, 1963 жыл болу керек. Зауыт директоры Е.И. Ли, техникалық бөлім бастығы М.И. Филимонов үшеумізді «Комбинат директоры Виктор Васильевич Гурбаға тез келсін» деген хабарды естігенде «Не болып қалды екен?» дейтін екіұшты ойда болдық. Барсақ, Виктор Васильевичтің кабинетінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев отыр. Қастарында Андриян Лукьянович Цефт деген кісі бар екен. Біз бұл кісіні де жақсы білетін едік. Өйткені ол да академик болатын. Ал жақынырақ білетініміз, А.Л. Цефт сол кезде кенді бөлшектемей, гидрометаллургиялық әдіспен ерітіп, мыс алуға болады деген ұсыныс енгізіп, соны іске асыру үшін бізге біршама тер төгуге тура келген еді. Егер А.Л. Цефтің ұсынысы нәтижелі болса, кенді байытудың, яғни, байыту фабрикасының түкке



де қажеті болмай қалар еді. Сол үшін зауыттың ішіне арнайы тәжірибелік-өндірістік құрылғы орнатып та көрдік. Бірақ идеяның шикілігі ә дегеннен-ақ айқын көрініп тұрды. Тым болмаса, лабораториялық деңгейде зерттеу жасалып, сынақтан өтпеген нәрсе қайдан нәтиже бере қойсын?! Ал академиктің өзі де идеясының жетімсіз тұстарының көп екендігін білетін, байқайтын болу керек, бізге: «Енді былай жасап көріңдер», – деп қайта-қайта ұсыныстарын өзгерте беретін еді. Сонымен, екі жылдай уақытымыз текке кетіп, ақырында «экспериментті» одан әрі жалғастырудан бас тартқан едік. Біздің мұнымызды ұнатпаған Андриян Лукьянович Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевқа шағымданған тәрізді. Қанекен бәріміздің пікірімізді тыңдады. Бір ғажабы, ешқайсымыздың сөзімізді бөлген жоқ. Кейбір басшылар, сөзің ойына қиғаш келіп жатса, орта жол-

дан бөліп жібереді ғой. Қанекен де біздің сөздеріміз ұнай қоймағанын соңынан білдік. Бірақ сабыр сақтап, сөзді бөлмей отырғанын асқан мәдениеттіліктің үлгісі деп түсіндік. А.Л. Цефт, әрине, өзінің ұсынысының дұрыстығын, тиімділігін дәлелдеп бақты, ал біз болсақ, мұндай идеяны іс жүзінде өндіріске енгізудің ешқандай да мүмкін еместігін айтып, қарсы екенімізді сездірдік. Екі жақты да толық тыңдап болған соң сөзді, әрине, Қаныш аға алды. Ол ғылымның ешқашанда шығынсыз алға баспайтындығына тоқталды. «Әрбір идеяны ақырына шейін зерттеп, зерделеп, оның тиімді-тиімсіздігіне нақты көз жеткізбейінше, орта жолда тоқтатып тастауға болмайды. Ізденістен жалықпау керек. Әрине, қаржы-қаражатты да, уақытты да ойлау керектігін жақсы түсінемін. Бірақ, идея айтылған соң, қолға алынғаннан кейін соңына шейін сынап көргеніміз жөн», – деген Қанекен бізге сынақты одан әрі жалғастыруға кеңес берді. Сөйтіп, қайтадан жұмысқа кірістік.

Қаныш Имантайұлы сол жолы, біріншіден, А.Л. Цефт әріптесі, академияның академигі болған соң, өзінен көмектесуді өтінген соң, оның көңілін жыққысы келмеді, екіншіден, шынымен де, академик ұсынған әдіс оң нәтижеге жеткізіп қалады-ау деген үміті де болған секілді. Егер ұсынысты өндіріске енгізу мүмкін болғанда, өндірістік шығынды анағұрлым азайтуға қол жеткізуге болатын еді. Академик А.Л. Цефтің көздегені де сол еді ғой. Қаныш ағаның оған, оның идеясына қолдау білдіруін өз басым осылайша түсіндім. Бірақ, өкініштісі сол, әлгі идея іске аспаған қалпында қалды. Ұсыныстың қаншалықты әдемілігіне қарамастан, оны өндіріске енгізудің мүмкін еместігіне А.Л. Цефтің өзінің де көзі жетті.

Раушан ҚАПАРОВА,
Жезқазған қалалық
мәслихатының төрағасы

Бірақ ер азаматтар соғысқа аттанып, тылдағы жұмыстың бар ауырталығын елде қалған кәрі-құртан, бала-шаға, қыз-келіншектер атқарып жатқанда ешкімнің де ортақ істен шет қалмағаны анық. Атам Жезді кенішінің жанында халық «Қаратас» деп атап кеткен жерде жаз уақытында шатыр тігіп жатып жұмыс істейді. Сондағы бұларға жүктелген міндет – дәу-дәу қара тастарды алдымен арбамен жүріп бір жерге жинап, кейін көлікке арту екен. «Бұл неғылған тастар? Мұны не үшін жинайды? Көлікке тиеп қайда жіберіп жатыр? Біз бұған басымызды қатырмаймыз. Тапсырма берілсе, оны орындасақ, соған мәз болып жүреміз. Әрине, тас көтеру оңай ма, әбден шаршаймыз. Бірақ, амал жоқ. Сөйтіп жүргенде бір күні бізге алпамсадай зор денелі, кең иықты, ұзын

АТАМНАН ЕСТІГЕН ӘҢГІМЕ

Менің атам Жансейіт Қапарұлы соғыс басталғанда он жасар бала екен. Әкесі Қапар Бекназаров пен оның інісі Қали соғысқа аттанады. Анасы Ханшайымның қолғанаты өзі болып қалады. Інісі Қыдырәлі ол кезде 4 жаста екен. Жансейіт ата сол кезде небәрі он жаста болыпты. Жасына қарамастан ол Жездіден ашылған кенішке жұмысқа тұрады. Мүмкін, «жұмысқа тұрады» деген артықтау да шығар. Өйткені он жасар баланы ресми түрде жұмысқа, соның ішінде кенішке алмайтыны белгілі ғой.

бойлы, келбетті кісі келді. Бәріміз жапатармағай алдынан шығып, амандасып жатырмыз. Ол да ешқайсымыздың қолымызды қақпай, асқан жылылықпен амандасып шықты. Содан сол жерде жиналыс жасады. Ол елдің басына төнген қауіп – соғыс туралы сөйледі. «Фашизмнің мақсаты – біздің елді жер бетінен жойып жіберу. Олар сіздердің, біздердің жер басып жүргенімізді, өмір сүргенімізді қаламайды. Бізді қырып жіберуді көздейді, тірі қалғанымызды құл ретінде жұмысқа жегеді. Ал біз мұндайға көне аламыз ба? Әрине, жоқ. Сондықтан да азаматтарымыз майдан да жан алып, жан берісіп, қан төгіп жатыр. Ал біз мұнда қиындыққа қайыспай,

тер төгіп жатырмыз. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұлы Сталин жолдастың ұраны өте дұрыс. Жауды жеңу – бәріміздің міндетіміз. Қиындыққа төзуге тиіспіз. Мынау сіздер жинап жатқан қара тас Отан қорғау ісіне ауадай қажет. Бұдан танктерге оқ өтпейтін қаптама жасайды. Бұл марганец біздің фашистерді талқандауымызға өте қажет» деді. Ол кісінің сөзі бәріміздің көңілімізден шықты. Еңсеміз көтеріліп қалды. Өйткені не үшін еңбек етіп жатқанымызды түсіндік, қара тастың қадірін ұқтық. Сөйтсек, ол кісі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев екен. Кейін де Қанекенді сыртынан алыстау жерден бір-екі рет көрдім. Бірақ бала кездегі

көргенім, аузынан шыққан лебізін дәл алдында отырып тыңдағаным көз алдымнан кетпейді. Еліміз үшін ең бір сындарлы сәтте қиналып жүргенімізді байқап, жігерімізді жаныған сөздерін қалай ұмытарсың? Қиын сәтте көңіліңді аулап, ауырлықты ұмыттыратын сөз таба білу де оңай бола қоймас. Қанекеннің тереңнен ойлай-тын, парасатты жан екенін сөйлеген сөзінен бала болсақ та байқаған едік», – дейтін. Қапар атамның халқымыздың ұлы перзенті, данышпан ғалымы Қаныш Имантайұлы туралы шағын естелігі осындай. Мен оны көпшілікпен бөліскім келді. Өйткені жақсының ғибраты ешқашан ескірмейді

► АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА -125 ЖЫЛ

ҚАНЫШ ҚАДІРЛЕГЕН ҰСТА



«Байман ұста Алтайқұлына!
Құрметті Байеке!»

Сіздің Аманкелді батырдың өзі және сарбаздары ұстаған қаруларының түпнұсқасын жаңадан жасап жібергеніңізге Қазақ ССР Ғылым Академиясы зор алғыс айтады. Бұл қару-жарақтар белгілі бір дәуірдегі қазақ халқының жауынгерлік мәдениет үлгісін бейнелейді. Мұның қазіргі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі маңызы да үлкен. Осы іске Сіз бұдан былай да атсалысады деп сенеміз. Академия Сізбен байланыс жасап тұрады. Сәлеммен - Қ.И.Сәтбаев».

1944 жылдың 28 маусымында жазылған бұл хат 1998 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Академик К.И.Сатпаев. Из писем и заметок» деп аталатын жинақта жарық көрген. Жазушы Медеу Сәрсекке Қаныш Имантайұлының 1950 жылғы 25 наурызда сол кездегі республика Әлеуметтік қамсыздандыру Министріне «қарт жұмыскер, азаттық жолындағы күрескер Б. Алтайқұлына тиісті деңгейде зейнетақы тағайындау туралы» өтініш білдірген хат жолдағаны туралы да жазады. Ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ықыласын өзіне аударған, риясыз құрметін иеленген Байман ұста Алтайқов кім болған?

Мұның жауабын хаттың мәтінінен табуға болады. Біріншіден, ол қатардағы көптің бірі емес, Аманкелді Иманов бастаған Ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан сарбаздардың қаруларын жасауға атсалысқан ұста болған. Екіншіден, сарбаздар қолданған қарулардың түпнұсқасын

қайта жасап, Қазақстанның Ғылым Академиясына өткізген. Ұстаның қолынан шыққан дүниелердің көңілінен шыққаны соншалық Қанекен ризашылығын осылайша хатпен жеткізген тәрізді. Сонда ұстаға қару-жарақты қайта жасап шығару деген ой қайдан келді екен?


1946 жылы республикада Ұлт-азаттық көтерілісінің 30 жылдығын кең көлемде атап өту ұйғарылған, соған жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілген. Қазақ КСР Ғылым Академиясының тапсырмасы бойынша Әлкей Марғұлан Қарсақбайға, Байман ұстаға арнайы келген. Әлекең ұстаға Қаныш Сәтбаевтың өтінішімен келіп отырғанын жеткізген. Қаныш десе Қарсақбайдың адамы түгілі қара тасы орнынан бір төңкеріліп түспей ме? Байман ақсақал жасының ұлғайып қалғанына қарамастан, қару-жарақтың түпнұсқасын жаңадан жасауға жан-тәнімен кірісіп кетеді. Нәтижесінде кейін ұлы Қанекеннің ризашылыққа толы хатын алып, құрметіне бөленеді.

Байман ұста құныс кісі болған. Сондықтан жүріп -тұруы қиындық туғызғандықтан «Бұл еңбегіңізге не сұрайсыз?» дегенде «мотоарба» сұраған. Ұстаның өтінішін Қаныш Имантайұлы өз бақылауында ұстап, неғұрлым тезірек орындаулы қадағалаған.

- Көкем сол мотоарбаны алғанда кереметтей ауанды. Екі сөзінің бірінде «Қаныштың арқасы ғой, Қаныштың арқасы ғой» деп отыратын -деп еске алады немересі Зейнеп Әбілбекова.

Тағдыр дегенді қойсаңызшы?! Байман ұста 13 перзент сүйген, бірақ, олардың көпшілігі жастай шетінеген. Құсайын деген баласы 21 жасында көкпар тартып жүргенде мерт болған. Ұлдан қалған жалғызы Базарбай 17 жасында соғысқа өзі сұранып аттанып, содан елге оралмаған, топырақ Ресейдің Смоленск облысынан бұйырған. Ақкібек есімді жалғыз қызының үлкені Зейнепті бауырына басып, тәрбиесіне алған. Зейнеп Әбілбекова - кен өндірісінің ардагері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, партияның XXVI съезінің делегаты болған. Жақсы адамның ұрпағы да өзіне тартып туғаны қандай бақыт?! Қазір жасы 90-ға тақап қалған Зейнеп Әбілбекова Сәтбаев қаласында тұрады.

Байман ұстаның есімі «Қаныш Сәтбаев» энциклопедиясына да енгізілген. Бірақ, «туған-өлген жылдары белгісіз» деп жазылыпты. Ал, қазақы



жыл қайыру арқылы есептеп, ол кісі өзінің туған жылын 1870 жыл деп санайды екен. Ал, өмірден озған уақыты - 1958 жыл.

Қарсақбай мыс зауытында ұста болып жүргенде Байман Алтайқов Қаныш Имантайұлымен өте жақын араласқан.

Кезінде Аманкелді батырға қару-жарақ соғумен айналысқан Байман ұста бейбіт уақытта қыз-келіншектерге сырға, білезік, жүзік және т.б. бұйымдар, ерлерге шақша, таяқ жасап беретін болған. Және ол әрбір затын өте бір әдемілікпен және шеберлікпен жасаған. Мысалы, қолға ұстап жүретін таяқтың өн бойына әлдебір түймелер орнатқан. Солардың бірін басып қалсаңыз - тісшұқығыш, енді бірінен - тарақ, т.т. адамның тұтынуына керекті заттар шыға келеді екен. Ол Қаныш Имантайұлына да шақша істеп берген. Бұл шақшаны Қаныш Имантайұлы Ұлыбританияға барған сапарында ағылшындарға көрсетіп мақтанған көрінеді. Сүйектен жасалған шақшаның жиегін түрлі тастармен әшекейлеп, бір бетіне айна орнатып, т.т. әбден көздің жауын алардай етіп жасаған ғой. Мұны көрген ағылшындар «Сіздің елде мұндай шеберлерді қайда оқытады?» деп сұрапты. «Сонда мен Сіздің оқымағаныңызды айтып, ағылшындарды сендіре алмадым» деген екен Қанекен. Біз бұл әңгімелерді ұстаның немересі Зейнеп Әбілбекова тәтемізден естідік.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.



ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҮСІНІ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙ

Сәтбаев қаласы, Сәтбаев даңғылы, Төрінде – Сәтбаев мүсіні. Шахтаға жіберіп кеншіні, Қарсы алып тұрғандай бұл кісі.

Сәнді де, мәнді де орынға, Тауыпты тастұғыр жарасым. Көзімен көруге келгендей Атымен аталған қаласын.

Адамдар тәрізді тастың да Тарихи тағдыры болады. Осынау еңселі ескерткіш Есіме әлдене салады.

Тас түгіл, алыптың аты ұмыт Болуға, білемін, шақ қалған. Көгімде «жұлдыз» боп жанғанда, Жерімде есімі тапталған.

Кезеңнің көпіршіп көбігі, Қалғанбыз асылды таба алмай. Сол тұста әлдебір қоймада Болыпты оқиға мынадай.

Қараңғы қуыста жәшік тұр, Нән жәшік... тақтаймен қапталған. «Бұл не екен? Не бар, -деп, – ішінде?» Балташы балта ұрды қапталдан.

О, ғажап! Көзіне сене алмай, Өн бойы барады қалтырап. Балталап ашқан сол жәшікте Қаныш тұр... маңдайы жарқырап.

Пенделік билеген заманға Біз мұны жабамыз кінә ғып. Ұлы адам – Қанекен қашалған Тасқа да түскен деп бұғалық.

Сол мүсін бүгінде қаланың Төрінен халқына қарап тұр. ...Тастұғыр тарихы білгенге Таптырмас тамаша сабақ бұл!

Абдолла ДАСТАНОВ

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 565

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.